

**Целиноград аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 маусымдағы № 215/30-6 " Целиноград ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 шілдедегі № 339/48-6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 7 тамызда № 7316 болып тіркелді. Күші жойылды Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2022 жылғы 25 шілдедегі № 160/29-7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 25.07.2022 № 160/29-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Ақмола облысы Целиноград ауданының кейбір ауылдарын және ауылдық округтерін қайта атау туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № А-12/553 қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 6С-27-23 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7006 болып тіркелген) шешіміне сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Целиноград аудандық мәслихатының "Целиноград ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" 2018 жылғы 12 маусымдағы № 215/30-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6705 болып тіркелген, 2018 жылғы 9 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және Ақмол, Арайлы, Жаңаесіл, Жарлықөл, Қабанбай батыр, Қараөткел, Қосшы, Қоянды, Нүресіл, Оразақ, Рахымжан Қошқарбаев, Софиевка, Талапкер ауылдық округтері үшін халық саны екі мың адамнан көп ресми жарияланған күнінен бастап, Мәншүк ауылы, Родина, Приречный, Тасты, Шалқар ауылдық округтері үшін халық саны екі мың және одан аз 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі."

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Целиноград аудандық мәслихаты  
сессиясының төрағасы*

*Ғ.Қойлыбаев*

*Целиноград аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Б.Ибраев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Целиноград ауданының әкімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК